

Сотта азаматтық істерді қарау кезінде жариялылық принципін сақтау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 28 қазандағы N 5 Нормативтік қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 25 қарашадағы № 9 Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 25.11.2016 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Жариялылық принципін қамтамасыз ету, сот процестерінің ашықтығы мен анықтығы туралы процессуалдық заңдардың нормаларын соттардың біркелкі қолдануы мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы

қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі - АІЖК) 19-бабында бекітілген сотта істі қараудың жариялылық принципі барлық азаматтардың, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің отырыстар залына еркін кіріп, азаматтық процестің барлық сатыларында (бірінші, апелляциялық, кассациялық, қадағалау сатыларының соттарында) басынан аяғына дейін қатысуы және сот отырысы залында болып жатқан жағдайлардың бәрін өз көздерімен көруі қамтамасыз етіліп азаматтық істердің барлық соттарда ашық жүргізілетінін, сондай-ақ олардың сот отырысы залында болып жатқан жағдайлардың бәрін өз қалаулары бойынша жазып алу, стенограмманы және дыбыс жазуды пайдаланып жазып алу құқығын білдіреді. Жариялылық сондай-ақ заңда көрсетілген жағдайларды сақтай отырып сот отырысы кезінде тікелей хабар жүргізуді, киноға және суретке түсіруді және бейнетаспаға жазып алуды көздейді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2012.12.29 № 6 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

2. Азаматтық іс жүргізуде жариялылықты шектеу мемлекеттік құпияны қорғау және Конституцияның 18-бабында көзделген әркімнің жеке өміріне, өзінің және отбасының құпиясына қол сұғылмауына, абыройы мен ар-намысының қорғалуына, салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығын сақтау құқығын

қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ заңда тікелей көрсетілген жағдайларда ғана мүмкін болады.

3. Сотта істі қараудың ашық жүргізілуін ғана емес, сонымен бірге сот рәсімдерінің ашық, анық әрі қол жетерліктей болуын, яғни сот шешімінің көпшілікке жариялануын, тараптардың процестің басқа қатысушыларынан түскен шағымдармен таныстырылуын, істің жоғары сатыдағы сотта қаралатын уақыты мен орны туралы хабарлауды, заңды күшіне енген шешімдер дерекқорына еркін кіруді, сот актілерінің орындалуы туралы ақпарат алу мүмкіндігін сотта істі қараудың жариялылығы деп түсінген жөн.

4. Он алты жасқа толмаған азаматтар іске қатысушы адам немесе куәгер болмаса одан басқаларына ашық сот отырысы залына кіруге қандай да бір себеппен шектеу қоюға болмайды. Тілек білдіруші барлық азаматтарды ашық сот отырысына қатыстыру туралы мәселе сот отырысы залының көлемі ескеріліп шешілуі мүмкін.

5. Іске қатысушы адамдардың және қатысып отыратын азаматтардың сотта істі қарау барысын залда отырған орындарынан жазып алуға немесе дыбыс жазуды пайдаланып жазып алуға құқығы бар, бұл үшін төрағалық етушінің алдын ала рұқсаты және іске қатысушылардың келісімі талап етілмейді. Аталған адамдар осы мақсатта дыбыс жазуды қолданып жазып алу құқығын ашық пайдалануы тиіс.

6. Сот отырысының басында іске қатысушы адамдардың сот отырысы кезінде тікелей радио және телехабар жүргізудің, киноға және суретке түсірудің, бейнетаспаға жазудың мүмкіндігі, бұл жөнінде сот отырысы хаттамасында көрсету туралы пікірі анықталады.

Іске қатысушы адамдардың көрсетілген әрекеттерді оларға қатысты жасауға келіспеуі дәлелді болуға тиіс.

7. АІЖК-нің 179-бабына сәйкес, істі қарау кезінде тәртіп бұзған адамға төрағалық етуші соттың атынан ескерту жасауға құқылы, ал тәртіпті қайталап бұзғаны үшін қатысушы азаматтар отырыс залынан шығарылады. Осы ереже киноға және суретке түсіретін, бейнетаспаға жазатын адамдарға да қатысты қолданылады, өйткені осы әрекеттер сот отырысының барысына кедергі келтірмеуі тиіс. Сот киноға және суретке түсіруге, бейнетаспаға жазуға уақытша шектеу қоя алады.

Іске қатыспайтын барлық азаматтарды сот отырысы залынан шығару және істі жабық отырыста қарау туралы АІЖК-нің 179-бабының алтыншы бөлігінде көзделген құқықты сот істі қарауға қатысып отырған азаматтар тәртіпті жаппай бұзған кезде қолдана алады.

8. АІЖК-ың 202-бабына сәйкес, азаматтардың жеке хат алысулары мен жеке телеграфтық хабарлары ашық сот отырысында тек хат алысқан немесе

телеграфтық хабарлар алысқан адамдардың келісімімен ғана жария етілуі мүмкін . Осы ереже фото және киноқұжаттарды, дыбыстық және бейнежазбаларды, сондай-ақ өзге де техникалық құралдардың көмегімен алынған жеке басқа қатысты мәліметтерді зерттеу кезінде де қолданылады.

Хат және телеграф арқылы алынған хабарларда жеке басының мүдделері қозғалған адамдар егер оларды жариялауға және зерттеуге келісім бермесе, онда аталған әрекеттер жабық сот отырысында жүзеге асырылады.

9. Істерді жабық сот отырысында қарауға тек заңмен көзделген негіздер болғанда ғана жол беріледі.

АІЖК-нің 19-бабының екінші бөлігіне сәйкес, мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтері бар шешімдерді хабарлауды қоса алғанда істерді қарау жабық сот отырысында жүзеге асырылады. Оларға "Мемлекеттік құпиялар туралы" 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлаушылық, қарсы барлаушылық, жедел-іздігірушілік және жалпы қабылданған халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейтін өзге де қызметті тиімді жүзеге асыру мақсатымен таратылуы шектелген, мемлекет қорғайтын мемлекеттік және қызметтік құпияларды құрайтын мәліметтер кездесетін істер жатады.

Сонымен қатар, АІЖК-нің 179-бабының алтыншы бөлігінде көзделген жағдайда шешімдерді жариялауды қоса алғанда, сондай-ақ бала асырап алу құпиясын, жеке, отбасылық, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияларды, азаматтар өмірінің ашық айтпайтын сырлары туралы мәліметтерді сақтауды қамтамасыз ету қажет екендігін не істі ашық қарауға кедергі келтіретін өзге де мән-жайларды негізге алған іске қатысушы адамның өтінішін қанағаттандыру кезінде іс жабық сот отырысында қаралады. Процеске қатысушылар болып табылмайтын адамдар сотқа істі жабық сот отырысында қарау туралы өтініш білдіруге құқылы емес.

10. Сот істі қараудың жариялылығын шектеу туралы мәлімделген өтініш бойынша процеске қатысушылардың пікірін тыңдап, істі жабық сот отырысында қарау туралы дәлелді ұйғарым шығарады.

Сотта істі қараудың жариялылығын шектеу сот отырысының бүкіл кезеңіне не тек АІЖК-нің 19-бабының екінші бөлігінде көрсетілген мән-жайлар зерттелетін бөлігіне қолданылатындықтан сот ұйғарымында бұл туралы көрсетілуі тиіс.

11. Жариялылық принципін сақтауға байланысты процессуалдық заңның бұзылуы, егер бұл істің дұрыс қаралмауына әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса, сот актісінің күшін жою үшін негіз болуы мүмкін.

12. АІЖК-нің 344-бабының екінші бөлігіне сәйкес, сотта істі қараудың жариялылығын шектеу мәселесі бойынша сот ұйғарымына жеке шағым берілмейді және наразылық келтірілмейді, бірақ тараптардың осы ұйғарымға білдірген қарсылықтары істің мәні бойынша шығарылған сот шешіміне берілген апелляциялық шағымға немесе наразылыққа енгізілуі мүмкін.

13. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болып табылады әрі ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н

Жоғарғы Сотының Төрағасы

Қ а з а қ с т а н

Ж о ғ а р ғ ы

жалпы отырыс хатшысы

Р е с п у б л и к а с ы

Р е с п у б л и к а с ы

с у д ь я с ы ,

С о т ы н ы ң